



Кең-байтақ Қазақстан даласында 4970-ке жуық археологиялық ескерткіш мемлекеттік есепте тұр. Орта ғасырлар кезеңінде тарихшылар мен географтар, саяхатшылар, ғалымдар ескі қоныстар мен қалалардың орны туралы мәліметтер қалдырған. 1707 жылы жарық көрген С.Ремезовтің «Сібір картасында» қазақ даласындағы археологиялық ескерткіштер туралы жазылған. 1733 жылы Г.Ф.Миллер бастаған бірінші академиялық экспедиция қазақ жерінде жұмыс істеді. 1774 жылғы жарық көрген П.И.Рычковтың «Орынбор топографиясы» атты еңбегінде ертедегі кеніштердің орны туралы мәліметтер бар. Бұл кездегі зерттеулер ғылыми негізде жүргізілмей, тек қана кездейсоқ табылған жәдігерлерді жинаумен айналысты. Ресейдегі археологиялық зерттеулердің кеңеюі Қазақстандағы көне ескерткіштерді ғылыми түрде зерттеуді қажет етті. Атақты қазақ ғалымы Ш.Уәлиханов өз қолжазбаларында ортағасырлық Талғар, Шенгелді қалалары туралы кескіндеме қалдырған. Орыс шығыстанушысы В.Радлов Шығыс Қазақстандағы археологиялық ескерткіштерді бірінші рет тарихи кезеңдерге бөлді. Оның еңбектері Қазақстан археологиясының дамуында үлкен қадам болды. 1867 жылы ресейлік Археологиялық комиссияның шешімімен орыс шығыстанушысы П.Лерх Түркістан өлкесін зерттеуге кірісті. Сауран, Сығанақ, Тараз қалаларының жоспарын картаға түсіріп, Жаңакент қаласындағы археологиялық қазба жұмыстарын жүргізді. Ол ортағасырлық қалаларды зерттеудің ғылыми негізін қалады. 1862 жылдан бастап В.Радлов Шығыс Қазақстан жерінде археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізді. Қазақстандағы археологияның дамуына 1893-1894 жылдардағы белгілі ғалым В.Бартольдтың Орта Азияға барған ғылыми сапары негіз болды. Оның ғылыми еңбегі әлі күнге дейін маңызын жоғалтқан жоқ. 1895 жылы академик В. Бартольд Ташкент қаласында алғашқы археологтар үйірмесін ашты. Осы үйірме мүшелері В.Кларе мен А. Черкасов 1904 жылы Отырар қаласында қазба жұмыстарын жүргізді. 1920 жылы Түркістан мәдени ескерткіштерді қорғау және мұражайлар комитеті ашылды. Комитеттің негізгі міндеті тарих ғылымының үлкен бір саласы – археологияны дамытуды қолға алу болды. Сайран, Тараз қалаларында археологиялық зерттеулер жүргізіліп, М.Массоның Түркістан туралы алғашқы ғылыми еңбектері жарық көрді. XX ғасырдың 30 жылдарында Қазақстан жерінде М.Грязнов, И.Синицын, С.Черников, О.Кривцова-Гракова бастаған экспедициялар республиканың орталық және шығыс аудандарында жұмыс істеді. 1936-1940 жылдар – А. Бернштам бастаған археологиялық зерттеулер ғылыми жағынан өте құнды болды. Экспедиция Оңтүстік Қазақстан, Жетісу жеріндегі сақ дәуірінен соңғы орта ғасырлардағы ескерткіштерге археологиялық зерттеулер жүргізді.





Ақыртас археологиялық кешені қазіргі Тараздың шығысында 40 км жерде, Ақшалақ теміржол станциясынан 6 км оңтүстікте, Қырғыз Алатауының етегінде орналасқан. Қазір бұл тау шатқалынан бастау алатын, құрғап бар жатқан бұлақтардың арналары кескен тау бөктері. Ескерткішті зерттеу 19 ғасырда басталды. Шығыстанушылар, архитекторлар және археологтар өз еңбектерін осы бірегей ескерткішке арнаған. Ақыртас кешені алғаш өлкетанушылар мен ғалымдар В.А. Каллаур, П.И. Лерх, Д.И. Иванов, В.В. Бартольд және Г.И. Пацевич зерттеген. 1936 ж. Ақыртас қирандыларында КСРО ҒА мен ММЗИ Қазақ филиалының археологиялық экспедициясы (А.Н. Бернштам) болды. Сол кезде обалар қазылған болатын. 1940 және 1945-46 жж. Ақыртасты Г.И. Пацевич зерттеді. 1945 ж. ескерткіште ҚазКСР МК жанындағы архитектура ісінің Басқармасы өлшеу жұмыстарын жүргізді. Материалдарын 1950 ж. Т.К. Басенов жариялап, солтүстік қасбетте мұнаралар барын анықтады, Ақыртас жоспары түзетілді. Ескерткішті археологиялық тұрғыдан жоспарлы зерттеуді проф. К.М. Байпақовтың басшылығымен ОҚКАЭ 1992 ж. бастады.













